

**Жәнібек аудандық мәслихатының № 6 Ұзынкөл сайлау округі бойынша шығып қалған депутатының орнына барлық кандидаттар үшін үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін орындар белгілеу туралы**

*Күшін жойған*

Батыс Қазақстан облысы Жәнібек ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 1 наурыздағы № 44 қаулысы. Батыс Қазақстан облысы Әділет департаментінде 2013 жылғы 18 наурызда № 3212 болып тіркелді. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Жәнібек ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 2 сәуірдегі № 70 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Жәнібек ауданы әкімдігінің 02.04.2013 № 70 қаулысымен**

Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 қыркүйектегі "Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" Конституциялық Заңын, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңын басшылыққа алып, аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Аудандық (аумақтық) сайлау комиссиясымен бірлесіп (келісім бойынша) Жәнібек ауданы мәслихатының № 6 Ұзынкөл сайлау округі бойынша шығып қалған депутаттың орнына барлық кандидаттар үшін үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін орындар қосымшаға сәйкес белгіленсін.

2. Ұзынкөл ауылдық округінің әкімі үгіттік баспа материалдарын орналастыратын орындарды тақталармен жаратқандырсын.

3. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау аудан әкімі аппаратының басшысы Ж. К. Абдоловқа жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі  
КЕЛІСІЛДІ:

Б. Есенғалиев

Аудандық (аумақтық) сайлау  
коммисиясының төрағасы  
----- Р. Қарашин

01.03.2013 ж.

А у д а н ә к і м д і г і н і ң  
2013 жылғы 1 наурыздағы № 44  
қаулысына қосымша

**Жәнібек ауданы мәслихатының № 6 Ұзынкөл сайлау округі бойынша шығып қалған депутаттың орнына барлық кандидаттар үшін үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін орындар**

№	Елді мекен атауы	Орналасатын жері	Түрі
1	Ұзынкөл ауылы	Мектеп көшесі бойындағы орталық алаң	Тақта
2	Еңбекші елді мекені	Бастауыш мектеп ғимаратының алды	Тақта

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК